

"Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 127 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың 30-тармағына сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеу және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер

құрылымдарының тізілімінде орналастыруды қамтамасыз етуді Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін жасау және дамыту жұмыстарын үйлестіру құзіретіне кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 25 қазандағы
№ 127 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімді іске асыру туралы" 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 108 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу аясы

2. Осы Қағидалар **"Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"** жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдер сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Жалпы процеске қатысушылар осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе компоненттерін әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады .

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторластыру" - жалпы процеске белгілі бір қатысушыға белгілі бір іс-қимылдарды орындау құқығын беру;

"тізілім" - Одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылы негізінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалана отырып қалыптастырылатын Одаққа мүше мемлекеттердің фармацевтикалық инспекторлары туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық қор.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық нысаны", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесімен айқындалған мағыналарда қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: **"Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"**.

6. Жалпы процесті кодпен белгілеу: Р.ММ.09, 1.0.0. нұсқасы.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты дәрілік заттар айналымы саласында жалпы ақпараттық кеңістік құру есебінен Одақ шеңберінде фармацевтикалық инспекторлар туралы ақпарат алмасумен байланысты шығындарды төмендету үшін алғышарттар жасау болып табылады.

8. Жалпы процесс мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі шеңберінде (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) Одақтың фармацевтикалық инспекторлары туралы (бұдан әрі – фармацевтикалық инспекторлар) мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурс құру, оның қалыптастыру мен жүргізуді Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады;

б) Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (бұдан әрі – мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары) Одақтың фармацевтикалық инспекторлары тізілімінің (бұдан әрі – тізілім) мәліметтерін интеграцияланған жүйе құралдары арқылы электрондық түрде және автоматтандырылған режимде алу мүмкіндігін қамтамасыз ету ;

в) мүдделі тұлғалардың және Комиссия қызметкерлерінің тізілімде қамтылған өзекті, толық және шынайы ақпаратты Одақтың ақпараттық порталы құралдары арқылы алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

г) тізілімді қалыптастырған және жүргізген кезде бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтарды пайдалануды қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылар тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылар тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|-------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| | | Одақтың мынадай: фармацевтикалық инспекторлар мен тізілімнің жаңартылуы туралы мәліметтер алу; мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салуы |

| | | |
|-----------------|-----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| P.ACT.001 | Комиссия | бойынша интеграцияланған жүйе арқылы тізілімнен мәліметтер алу; Одақ ақпараттық порталы тізіліміндегі мәліметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету бөлігінде тізілімді қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз етуге жауап беретін органы |
| P.MM.09.ACT.001 | мүше мемлекеттің уәкілетті органы | мүше мемлекеттің тізілімді қалыптастыру үшін, сондай-ақ тізілім мәліметтерін пайдалануға Комиссияға интеграцияланған жүйе арқылы фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтер ұсынуға уәкілетті атқарушы билік органы |
| P.MM.09.ACT.002 | мүдделі тұлға | өз іс-әрекетінде тізілімнен алынған мәліметтерді пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға, тізілімнен ақпаратты Одақтың ақпараттық порталынан сұратады |

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаттары бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

а) тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімі;

б) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салулары бойынша тізілімнен мәліметтер алу рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған мәліметтер негізінде тізілімді қалыптастыру, сондай-ақ тізілімге енгізілген фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына интеграцияланған жүйе құралдарымен, сондай-ақ мүдделі тұлғаларға Комиссия бекітетін Одақ фармацевтикалық инспекторлары тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібінде (бұдан әрі – тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібі) көзделген көлемде Одақ ақпараттық порталы құралдарымен ұсыну жүзеге асырылады.

Тізілімді қалыптастыру кезінде тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

мәліметтерді тізілімге енгізу;

тізілімдегі мәліметтерді өзгерту;

мәліметтерді тізілімнен алып тастау.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ақпарат ұсыну кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салулары бойынша тізілімнен

мәліметтер алу рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

- тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер алу;
- тізілімнен мәліметтер алу;
- тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 127 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл Регламентіне (бұдан әрі – ақпараттық өзара іс-қимыл Регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 127 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына (бұдан әрі – электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымының Сипаттамасы) сәйкес болуы тиіс.

12. Келтірілген жалпы процесс құрылымының сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Жалпы процесс құрылымы

13. Операциялардың тәптіштелген сипаттамасын қоса алғанда өзінің мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII-бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімнің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (модельдеудің біріздендірілген тілі - Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдалана отырып құрылған және мәтіндік сипаттаумен қамтылған.

4. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімін орындау мүше мемлекеттің уәкілетті органы фармацевтикалық инспекторды тағайындау не оның уәкілеттігін доғару туралы шешім қабылдаған сәттен бастап, сондай-ақ ол жайлы мәліметтерді өзгерту қажет болған жағдайда басталады.


Тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімін орындау кезінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қалыптастырады және оны Комиссияға ұсынады.

Фармацевтикалық инспекторды тағайындау туралы шешім қабылданған жағдайда "Мәліметтерді тізілімге енгізу" (P.MM.09.PRC.001) рәсімі орындалады.

Фармацевтикалық инспектор туралы мәліметті өзгерту қажеттігі туындаған кезде "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.09.PRC.002) рәсімі орындалады.

Фармацевтикалық инспектордың уәкілеттігі тоқтатылған жағдайда "Мәліметтерді тізілімнен алып тастау" (P.MM.09.PRC.003) рәсімі орындалады.

16. Келтірілген тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімі тобының жалпы схемасы

17. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімі тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімі тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|-------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| P.MM.09.PRC.001 | мәліметтерді тізілімге енгізу | мүше мемлекеттің уәкілетті органы тұлғаны фармацевтикалық инспектор етіп тағайындау туралы шешім қабылдағаннан кейін тізілімге фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді енгізу үшін арналған. Рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді ұсынуын, мәліметтерді қабылдауды және өндеуді, мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтиды |
| P.MM.09.PRC.002 | тізілімдегі мәліметтерді өзгерту | тізілімдегі фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді өзгерту үшін арналған. Рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға өзгертілген мәліметтерді ұсынуын, мәліметтерді қабылдауды және өндеуді, және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтиды |
| P.MM.09.PRC.003 | мәліметтерді тізілімнен алып тастау | фармацевтикалық инспектор қызметін тоқтатқан кезде фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алып тастау үшін арналған. Рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға алып тасталынатын мәліметтерді ұсынуын, мәліметтерді қабылдауды және өндеуді, мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтиды |

5. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салулары бойынша тізілімнен мәліметтер алу рәсімі тобы

18. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салулары бойынша тізілімнен мәліметтер алу рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан тиісті сұрау салу алынған кезде орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының тізілімде қамтылған мәліметтерді ұсынуы рәсімін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен түсетін мынадай түрдегі сұрау салулар өңделеді:

тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу;

тізілімнен мәліметтерге сұрау салу;


тізілімнен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу.

Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімнен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу қажеттігін бағалау мақсатында орындайды. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.004) рәсімі орындалады.

Тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімге енгізілген, Комиссияда сақталатын фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтерді алу мақсатында орындайды. Тізілімде қамтылатын мәліметтер белгілі бір күнге қатысты жағдай бойынша сұралады. Сұрау салуды жүзеге асырған кезде "Тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.005) рәсімі орындалады.

Тізілімге енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу кезінде сұрау салуда көрсетілген сәттен бастап осы сұрау салуды орындағанға дейін тізілімге енгізілген немесе өзгертілген мәліметтер ұсынылады. Сұрау салуды жүзеге асырған кезде "Тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.006) рәсімі орындалады.

19. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салулары бойынша тізілімнен мәліметтер алу рәсімі тобының сипаттамасы 3-суретте ұсынылған.



3-сурет. мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салулары бойынша тізілімнен мәліметтер алу рәсімі тобының жалпы схемасы

20. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салулары бойынша тізілімнен мәліметтер алу рәсімі тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салулары бойынша тізілімнен мәліметтер алу рәсімі тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| P.MM.09.PRC.004 | тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер алу | рәсім интеграцияланған жүйе арқылы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен алынған сұрау салулар бойынша тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді ұсыну үшін арналған |
| P.MM.09.PRC.005 | тізілімнен мәліметтерді алу | рәсім тізілімде қамтылған мәліметтерді алу үшін арналған |
| P.MM.09.PRC.006 | тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу | рәсім интеграцияланған жүйе арқылы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен алынған сұрау салулар бойынша тізілімнен өзгертілген мәліметтерді ұсыну үшін арналған |

V. Жалпы процестің ақпараттық нысандары

21. Олар туралы немесе солардан алынған мәліметтер жалпы процеске қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл процесінде берілетін ақпараттық нысандардың тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ақпараттық нысандар тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|---------|--------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| P.MM.09.BEN.001 | тізілім | Одақтың фармацевтикалық инспекторлары туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурс |

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

22. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін мәліметтер берудің уақытылығы мен толықтығын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақ құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлері мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

23. Жалпы процесс анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі


| Кодпен белгіленуі | Атауы | Тип | Сипаттамасы |
|-------------------|-----------------------------------------------|------------|----------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| P.CLS.019 | әлем елдерінің сыныптауышы | сыныптауыш | ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдер атауларының тізбесін және олардың кодтарын қамтиды |
| P.CLS.054 | ұйымдастыру-құқықтық нысандарының сыныптауышы | сыныптауыш | ұйымдастыру-құқықтық нысандарының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды |
| | | | |

| | | | |
|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------------|------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
| P.CLS.089 | біліктілік дәрежелерінің сыныптауышы | сыныптауыш | біліктілік дәрежелері кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды |
| P.CLS.091 | білімі бойынша мамандықтардың сыныптауышы | сыныптауыш | білімі бойынша мамандықтардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды |
| P.CLS.092 | қызметшілер лауазымдарының сыныптауышы | сыныптауыш | қызметшілер лауазымдарының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды |
| P.CLS.093 | ғылыми дәрежелер сыныптауышы | сыныптауыш | ғылыми дәрежелер кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды |
| P.MM.09.CLS.001 | дәрілік заттарды өндіруші мекемелердің тексеру жүргізілетін қызметтерінің анықтамалығы | анықтама | дәрілік заттарды өндіру саласындағы өндірістік қызметтер түрлерінің тізбесін қамтиды |

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімі "Мәліметтерді тізілімге енгізу" (P.MM.09.PRC.001) рәсімі

24. "Мәліметтерді тізілімге енгізу" (P.MM.09.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 4-суретте берілген.



4-сурет. "Мәліметтерді тізілімге енгізу" (P.MM.09.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

25. "Мәліметтерді тізілімге енгізу" (P.MM.09.PRC.001) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы тұлғаны фармацевтикалық инспектор қылып тағайындау туралы шешім қабылдаған жағдайда орындайды.

26. Бірінші "Тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.MM.09.OPR.001) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижесі бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы оларды тізілімге енгізу үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

27. Комиссия тізілімге енгізілетін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алған кезде "Тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.002) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижесі бойынша фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер тізілімге енгізіледі. Мәліметтерді тізілімге енгізу нәтижелері туралы хабарлама мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

28. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтердің тізілімге енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде "Мәліметтердің тізілімге енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.09.OPR.003) операциясы орындалады, ол орындалған кезде аталған хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

29. "Тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.002) операциясы орындалған кезде "Тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.09.OPR.004) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижесі бойынша жаңартылған тізілім Одақтың ақпараттық порталында тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібімен көзделген көлемде жарияланады.

30. Комиссияда фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді өңдеу, оны тізілімге енгізу және Одақтың ақпараттық порталында тізілімді жариялау "Мәліметтерді тізілімге енгізу" (P.MM.09.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

31. "Мәліметтерді тізілімге енгізу" (P.MM.09.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

"Мәліметтерді тізілімге енгізу" (P.MM.09.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|--------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| P.MM.09.OPR.001 | тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсыну | осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.002 | тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.003 | мәліметтердің тізілімге енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алу | осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.004 | тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау | осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген |

7-кесте

"Тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.MM.09.OPR.001) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|--------------------|----------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.001 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсыну |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | фармацевтикалық инспекторды тағайындау туралы шешім қабылданған кезде орындалады |
| | | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен |

| | | |
|---|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5 | Шектеулер | мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жібереді |
| 7 | Нәтижелері | фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер тізілімді жаңарту және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін ұсынылды |

8-кесте

"Тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.002) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.002 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| 4 | Орындалу шарттары | орындаушы тізілімге енгізу үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.MM.09.OPR.001) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс. Авторластырылуы қажет, мәліметтер тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсынылады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы мәліметтерді қабылдайды және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы жаңа мәліметтерді тізілімге енгізуді жүзеге асырады, мәліметтердің жаңартылу күні мен уақытын |

| | | |
|---|------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | толтырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтердің қосылуына сәйкес болатын өңдеу нәтижесінің коды бар хабарлама жібереді |
| 7 | Нәтижелері | фармацевтикалық инспектор туралы тізілімге енгізілетін мәліметтер өңделді, мәліметтерді тізілімге енгізу нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді |

9-кесте

"Мәліметтердің тізілімге енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.09.OPR.003) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.003 |
| 2 | Операцияның атауы | мәліметтердің тізілімге енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алу |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | орындаушы мәліметтердің тізілімге енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.002) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | хабарламаның форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды жүзеге асырады |
| 7 | Нәтижелері | мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтердің тізілімге енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алды |


10-кесте

"Тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.09.OPR.004) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.004 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| 4 | Орындалу шарттары | мәліметтер тізілімге енгізілген кезде жарияланады ("Тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.002) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | мәліметтер тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібінде көзделген көлемде жарияланады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы тізілімнің Одақтың ақпараттық порталында жариялануын қамтамасыз етеді |
| 7 | Нәтижелері | енгізілген мәліметтерді қамтитын тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланды |

"Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.09.PRC.002) рәсімі

32. "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.09.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.09.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

33. "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.09.PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органында фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерге өзгерістер енгізу қажеттігі туындаған кезде орындалады.

34. Бірінші "Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.09.OPR.005) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижесі бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімге енгізу үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

35. Комиссия тізілімге өзгерістер енгізу үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер алған кезде "Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және

өңдеу" (P.MM.09.OPR.006) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша тиісті мәліметтер тізілімде өзгертіледі. Тізілімдегі мәліметтердің өзгеру нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

36. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімдегі мәліметтердің өзгеру нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде "Тізілімдегі мәліметтердің өзгеру нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.09.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау кезінде көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

37. "Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Тізілімде мәліметтерді жариялау мүмкіндігін тексеру" (P.MM.09.OPR.008) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия Одақтың ақпараттық порталында мәліметтерді жариялау мүмкіндігін тексереді.

38. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімнің ашық бөлігіндегі мәліметтерді ұсынған жағдайда "Тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.09.OPR.009) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша жаңартылған тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

39. Комиссияның фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді өңдеуі, тізілімге өзгерістер енгізу және қажет болған жағдайда өзгертілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.09.PRC.002) рәсімін орындаудың нәтижелері болып табылады.

40. "Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.09.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

"Тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.MM.09.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| P.MM.09.OPR.005 | тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну | осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.006 | тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.007 | тізілімдегі мәліметтердің өзгеру нәтижелері туралы хабарлама алу | осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.008 | тізілімде мәліметтер жариялау мүмкіндігін тексеру | осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.009 | тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялау | осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген |

12-кесте

"Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.09.OPR.005) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.005 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерге өзгерістер енгізген кезде орындалады |
| 5 | Шектеулер | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы фармацевтикалық инспектор туралы өзгертілген мәліметтерді қалыптастырады және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жібереді |
| 7 | Нәтижелері | мүше мемлекеттің уәкілетті органы фармацевтикалық инспектор туралы өзгертілген мәліметтерді тізілімді жаңарту және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін ұсынды |

13-кесте

"Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.006) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|--------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.006 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| 4 | Орындалу шарттары | орындаушы тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер алған кезде орындалады ("Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер |

| | | |
|---|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | ұсыну" (P.MM.09.OPR.005) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс. Авторластырылуы қажет, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары береді |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы мәліметтерді қабылдайды және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы алынған өзекті мәліметтер әрекеттерінің басталу күні мен уақытын белгілеу арқылы тізілімде өзгертілетін әрекеттердің аяқталу күні мен уақытын толтырады. Нәтижесінде тізілімде өзгертілетін мәліметтер өзгерістердің тарихын қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сақталады және одан әрі өңдеуге қол жетімсіз болады. Алынған өзекті мәліметтерді орындаушы тізілімге қосады, мәліметтердің жаңартылу күні мен уақытын тіркейді және мүше мемлекеттің уәкілетті органына Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтердің өзгеруіне сәйкес болатын өңдеу нәтижесінің коды бар хабарлама жібереді |
| 7 | Нәтижелері | тізілім жаңарған, мүше мемлекеттің уәкілетті органына тізілімдегі мәліметтердің өзгеру нәтижелері туралы хабарлама жіберілді |

14-кесте

"Тізілімдегі мәліметтердің өзгеру нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.09.OPR.007) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|--------------------|-----------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.007 |
| | | |

| | | |
|---|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2 | Операцияның атауы | тізілімдегі мәліметтердің өзгеру нәтижелері туралы хабарламаны алу |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | орындаушы тізілімдегі мәліметтердің өзгеру нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09. OPR.006) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | хабарламаның форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы хабарламаларды қабылдауды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырады |
| 7 | Нәтижелері | мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімдегі мәліметтердің өзгеру нәтижелері туралы хабарламаны алды |

15-кесте

"Тізілімде мәліметтерді жариялау мүмкіндігін тексеру" (P.MM.09.OPR.008) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.008 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімде мәліметтерді жариялау мүмкіндігін тексеру |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| 4 | Орындалу шарттары | тізілімдегі мәліметтер өзгерген кезде орындалады ("Тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.006) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | - |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы ұсынылған мәліметтерді тізілімді қалыптастыру мен жүргізу тәртібіне сәйкес жариялауға жататын құрамға кіретіндігіне тексеруді орындайды және оларды |

| | | |
|---|------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | Одақтың ақпараттық порталында жариялау мүмкіндігін айқындайды |
| 7 | Нәтижелері | тізілімнің өзгертілген мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін дайындалды немесе жариялауға жататын мәліметтердің жоқтығы туралы ақпарат алынды |


16-кесте

"Тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.09.OPR.009) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.009 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялау |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| 4 | Орындалу шарттары | мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау мүмкіндігін тексергеннен кейін орындалады ("Тізілімде мәліметтерді жариялау мүмкіндігін тексеру" (P.MM.09.OPR.008) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | мәліметтер тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібінде көзделген көлемде жарияланады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы тізілімнің жаңартылған мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді |
| 7 | Нәтижелері | тізілімнің жаңартылған мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жарияланды |

"Мәліметтерді тізілімнен алып тастау" (P.MM.09.PRC.003) рәсімі

41. "Мәліметтерді тізілімнен алып тастау" (P.MM.09.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 6-суретте берілген.



6-сурет. "Мәліметтерді тізілімнен алып тастау" (P.MM.09.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

42. "Мәліметтерді тізілімнен алып тастау" (P.MM.09.PRC.003) рәсімі фармацевтикалық инспектор қызметін тоқтатқан жағдайда орындалады.

43. Бірінші болып "Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.09.OPR.010) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижесі бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімнен алып тастау үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

44. Комиссия тізілімнен алып тастау үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алған кезде "Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.011) операцияны орындайды, оның орындалу нәтижелері бойынша фармацевтикалық инспектор туралы тиісті мәліметтер тізілімнен алып тасталады. Мәліметтерді тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

45. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде "Мәліметтерді тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.09.OPR.012) операциясы орындалады, оны орындаған кезде көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

46. "Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.011) операциясы орындалған жағдайда "Мәліметтер алып тасталғаннан кейін тізілімді жариялау" (P.MM.09.OPR.013) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша жаңартылған тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

47. Өзгерістердің тарихын қарау мүмкіндігі бар Одақтың ақпараттық порталындағы жаңартылған және жарияланған тізілім "Мәліметтерді тізілімнен алып тастау" (P.MM.09.PRC.003) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

48. "Мәліметтерді тізілімнен алып тастау" (P.MM.09.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде келтірілген.

17-кесте

"Мәліметтерді тізілімнен алып тастау" (P.MM.09.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|-----------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| P.MM.09.OPR.010 | тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну | осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.011 | тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.012 | мәліметтерді тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу | осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.013 | мәліметтер алып тасталғаннан кейін тізілімді жариялау | осы Қағидалардың 21-кестесінде келтірілген |

18-кесте

"Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.09.OPR.010) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|--------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.010 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер алып тасталынған кезде орындалады |
| 5 | Шектеулер | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен |

| | | |
|---|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тізілімнен алып тастау үшін Комиссияға беруге арналған мәліметтерді қамтитын хабарламаны қалыптастырады |
| 7 | Нәтижелері | фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер тізілімнен алып тастау үшін Комиссияға берілді |

19-кесте

"Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.011) операцияның сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|--------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.011 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| 4 | Орындалу шарттары | Орындаушы тізілімнен алып тастау үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" (P.MM.09.OPR.010) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс. Авторластырылуы қажет, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ұсынады |
| | | орындаушы тізілімнен алып тастауға жататын фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы берілген мәліметтердің құрамында көрсетілген әрекеттердің аяқталу |

| | | |
|---|-------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6 | Операцияның сипаттамасы | күні мен уақыттарының мәнін пайдалана отырып мәліметтер әрекеттерінің аяқталу күні мен уақытын толтырады, сондай-ақ мәліметтердің жаңартылу күні мен уақытын тіркейді. Нәтижесінде тізілімде өзгертілетін мәліметтер өзгерістердің тарихын қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сақталады және одан әрі өңдеуге қол жетімсіз болады. Орындаушы мүше мемлекеттің уәкілетті органына Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді алып тастауға сәйкес келетін өңдеу нәтижесінің коды бар мәліметтерді тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарлама жібереді |
| 7 | Нәтижелері | фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер тізілімнен алып тастау үшін өңделді, мәліметтерді тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді |

20-кесте

"Мәліметтерді тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.09.OPR.012) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|--------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.012 |
| 2 | Операцияның атауы | мәліметтерді тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | орындаушы мәліметтердің тізілімнен алып тасталу нәтижелері туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.011) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | хабарламаның форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| | | |

| | | |
|---|-------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы хабарламаны қабылдайды және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді |
| 7 | Нәтижелері | мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтердің тізілімнен алып тасталу нәтижелері туралы хабарлама алды |

21-кесте

"Мәліметтер алып тасталғаннан кейін тізілімді жариялау" (P.MM.09.OPR.013) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.013 |
| 2 | Операцияның атауы | мәліметтер алып тасталғаннан кейін тізілімді жариялау |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| 4 | Орындалу шарттары | тізілім жаңартылған кезде орындалады ("Тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.011) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | - |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы жаңартылған тізілімнің Одақтың ақпараттық порталында жариялануын қамтамасыз етеді |
| 7 | Нәтижелері | жаңартылған тізілімнің Одақтың ақпараттық порталында жарияланды |

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салулары бойынша мәліметтерді тізілімнен алу рәсімдері

"Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.004) рәсімі

49. "Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.004) рәсімін орындау схемасы 7-суретте берілген.



7-сурет. "Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.004) рәсімін орындау схемасы

50. "Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.004) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімнен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу қажеттігін бағалау үшін орындайды.

51. Бірінші болып "Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.MM.09.OPR.014) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

52. Комиссия тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді беруге сұрау салуды алған кезде "Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді дайындау және ұсыну" (P.MM.09.OPR.015) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер қалыптастырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылады.

53. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді алған кезде "Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.016) операциясы орындалады.

54. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді алуы "Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.004) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

55. "Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 22-кестеде келтірілген.

22-кесте

"Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| P.MM.09.OPR.014 | тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу | осы Қағидалардың 23-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.015 | тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді дайындау және ұсыну | осы Қағидалардың 24-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.016 | тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 25-кестесінде келтірілген |

23-кесте

"Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.MM.09.OPR.014) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|--------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.014 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу қажеттілігі туындаған кезде орындалады |
| 5 | Шектеулер | сұрау салудың форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| | | Орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тізілімнің жаңартылу күні мен |

| | | |
|---|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6 | Операцияның сипаттамасы | уақыты туралы мәліметтер ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді |
| 7 | Нәтижелері | тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер ұсынуға сұрау салу Комиссияға жіберілді |

24-кесте

"Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді дайындау және ұсыну" (P.MM.09.OPR.015) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.015 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді дайындау және ұсыну |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| 4 | Орындалу шарттары | орындаушы тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салу алған кезде орындалады ("Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.MM.09.OPR.014) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | сұрау салудың форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес болуы тиіс. Авторластырылуы қажет, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұратады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы алынған сұрау салуды өңдеуді жүзеге асырады, Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуға жауапты қалыптастырады және жібереді |
| 7 | Нәтижелері | мүше мемлекеттің уәкілетті органына тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді қамтитын хабарлама жіберілді |


25-кесте

"Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.016) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.016 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | орындаушы тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді қамтитын хабарламаны алған кезде орындалады ("Тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді дайындау және ұсыну" (P.MM.09.OPR.015) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы алынған мәліметтерді өңдеуді жүзеге асырады. Өңдеу біткен соң операция аяқталады |
| 7 | Нәтижелері | тізілімнің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтер алынды |

"Тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.005) рәсімі

56. "Тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.005) рәсімін орындау схемасы 8-суретте берілген.



8-сурет. "Тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.005) рәсімін орындау схемасы

57. "Тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.005) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органының тізілімнен мәліметтер алуы мақсатында орындалады.

58. Бірінші болып "Мәліметтерді тізілімнен сұрату" (P.MM.09.OPR.017) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді тізілімнен ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

59. Комиссия мәліметтерді тізілімнен ұсынуға сұрау салуды алған кезде "Тізілімнен алынатын мәліметтерді дайындау және ұсыну" (P.MM.09.OPR.018) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия сұратылған мәліметтерді қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынады немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама жіберіледі.

60. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімнен мәліметтер алған кезде "Тізілімнен алынған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.019) операциясы орындалады.

61. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының тізілімнен мәліметтер алуы "Тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.005) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

Тізілімде сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтер болмаған жағдайда мұндай мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама қалыптастырылады.

62. "Тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.005) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 26-кестеде келтірілген.

26-кесте

"Тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.005) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| P.MM.09.OPR.017 | мәліметтерді тізілімнен сұрату | осы Қағидалардың 27-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.018 | тізілімнен алынатын мәліметтерді дайындау және ұсыну | осы Қағидалардың 28-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.019 | тізілімнен алынған мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 29-кестесінде келтірілген |

27-кесте

"Мәліметтерді тізілімнен сұрату" (P.MM.09.OPR.017) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.017 |
| 2 | Операцияның атауы | мәліметтерді тізілімнен сұрату |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | мәліметтерді тізілімнен алу қажеттігі туындаған кезде орындалады |
| 5 | Шектеулер | сұрау салудың форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тізілімнен мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді. Тізілімде қамтылған, ағымдағы күнге өзекті мәліметтерді алу қажеттігі туындаған кезде сұрау салуда күні көрсетілмейді. Белгілі бір күнгі жағдай жөнінде мәліметтер алу қажеттігі туындаған кезде сұрау салуда күні көрсетілуі тиіс. Белгілі бір мүше |

| | | |
|---|------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | мемлекет ұсынған мәліметтер негізінде тізілімге енгізілген мәліметтерді ұсыну қажеттігі туындаған кезде сұрау салуда мүше мемлекеттің кодтары көрсетіледі |
| 7 | Нәтижелері | мәліметтерді тізілімнен ұсынуға сұрау салу Комиссияға жіберілді |

28-кесте

"Тізілімнен алынатын мәліметтерді дайындау және ұсыну" (P.MM.09.OPR.018) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.018 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімнен алынатын мәліметтерді дайындау және ұсыну |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| 4 | Орындалу шарттары | орындаушы мәліметтерді тізілімнен ұсынуға сұрау салуды алған кезде орындалады ("Мәліметтерді тізілімнен сұрату" (P.MM.09.OPR.017) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | сұрау салудың форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс. Авторластырылуы қажет, мәліметтерге тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұрау салады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуға тексеруді орындайды. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуға жауап жібереді, онда мынадай: тізілімнен алынған мәліметтері бар; мәліметтердің жоқтығына сәйкес келетін өңдеу нәтижелерінің коды мәнімен бірге тізілімде сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламасы бар хабарламалар жіберілуі мүмкін. Тізілімнен алынған мәліметтері бар жауап |

| | | |
|---|------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | хабарламаларда сұрау салуда көрсетілген күнге өзекті мәліметтер ұсынылады. Егер сұрау салуда күні көрсетілмесе ағымдағы күнге өзекті мәліметтер ұсынылады. Егер сұрау салуда елдің кодтары көрсетілген болса жауап хабарламада белгілі бір мүше мемлекет бойынша тізілімнен алынған мәліметтер, болмаса барлық мүше мемлекеттер бойынша ұсынылады |
| 7 | Нәтижелері | мүше мемлекеттің уәкілетті органына тізілімнен мәліметтер ұсынылды немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама жіберілді |

29-кесте


"Тізілімнен алынған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.019) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.019 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімнен алынған мәліметтерді қабылдау және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | орындаушы тізілімнен мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Тізілімнен алынатын мәліметтерді дайындау және ұсыну" (P.MM.09.OPR.018) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы тізілімнен мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама алады және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл |

| | | |
|---|------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | регламентіне сәйкес өңдеуді жүзеге асырады. Өңдеу біткен кезде операция аяқталады |
| 7 | Нәтижелері | мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімнен мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама алды |

Тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.006) рәсімі

63. "Тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.006) рәсімін орындау схемасы 9-суретте берілген.



9-сурет. Тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.006) рәсімін орындау схемасы

64. "Тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.006) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімнен сұрау салуда көрсетілген күннен кейін өзгертілген мәліметтерді алу қажеттігі туындаған кезде орындайды.

65. Бірінші болып "Тізілімнен өзгертілген мәліметтерді сұрату" (P.MM.09.OPR.020) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімге енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

66. Комиссия тізілімге енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алуға сұрау салуды алған кезде "Тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтерді дайындау және ұсыну" (P.MM.09.OPR.021) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органына сұрау салуда көрсетілген күннен бастап тізілімге енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер қалыптастырылады және беріледі немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама жіберіледі.

67. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы тізілімге енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны алған кезде "Тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.022) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органының тізілімнен өзгертілген мәліметтерді алуы немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны алуы жүзеге асырылады.

68. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының тізілімнен өзгертілген мәліметтерді алуы немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны алуы "Тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.006) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

69. "Тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.006) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операциясының тізбесі 30-кестеде келтірілген.

30-кесте

"Тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.09.PRC.006) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операциясының тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы |
|-------------------|-----------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| P.MM.09.OPR.020 | тізілімнен өзгертілген мәліметтерді сұрату | осы Қағидалардың 31-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.021 | тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтерді дайындау және ұсыну | осы Қағидалардың 32-кестесінде келтірілген |
| P.MM.09.OPR.022 | тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 33-кестесінде келтірілген |

31-кесте

"Тізілімнен өзгертілген мәліметтерді сұрату" (P.MM.09.OPR.020) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.020 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімнен өзгертілген мәліметтерді сұрату |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | тізілімге енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу қажеттігі туындаған кезде орындалады |
| 5 | Шектеулер | сұрау салулардың форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы сұрау салуда олардың кодын көрсете отырып барлық мүше мемлекеттер бойынша немесе белгілі бір мүше мемлекет бойынша сұрау салуда көрсетілген жаңартылу күні мен уақытынан бастап фармацевтикалық инспекторлар туралы өзгертілген мәліметтерді беруге сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді. Сұрау салу Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындалады |
| 7 | Нәтижелері | тізілімнен өзгертілген мәліметтер туралы ақпарат алуға сұрау салу Комиссияға жіберілді |

32-кесте

"Тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтерді дайындау және ұсыну" (P.MM.09.OPR.021) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|--------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.021 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтерді дайындау және ұсыну |
| 3 | Орындаушы | Комиссия |
| | | орындаушы тізілімге енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алуға сұрау салу алған кезде |

| | | |
|---|-------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Орындалу шарттары | орындалады ("Тізілімнен өзгертілген мәліметтерді сұрату" (P.MM.09.OPR.020) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | сұрау салудың форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс. Авторластырылуы қажет, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұратады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | <p>орындаушы алынған сұрау салуға тексеруді Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындайды. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы сұрау салуға жауапты Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жібереді.</p> <p>Сұрау салуға жауап ретінде: сұрау салуда көрсетілген жаңартылудың күні мен уақытынан бастап тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтері бар;</p> <p>мәліметтердің жоқтығына сәйкес келетін өндеу нәтижесі кодының мәні бар сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама (сұрау салуда көрсетілген жаңартылудың күні мен уақытынан бастап өзгерістердің жоқтығы) бар хабарлама жіберілуі мүмкін. Жауап хабарламада тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтер сұрау салудың шарттарына байланысты барлық мүше мемлекеттерге немесе нақты бір мүше мемлекетке ұсынылады. Сұрау салуды орындаудың нәтижесінде тізілім мәліметтері өзгерістердің тарихы ескеріле отырып ұсынылады</p> |
| 7 | Нәтижелері | мүше мемлекеттің уәкілетті органына тізілімге енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама жіберілді |

"Тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.09.OPR.022) операциясының сипаттамасы

| Рет № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Кодпен белгіленуі | P.MM.09.OPR.022 |
| 2 | Операцияның атауы | тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу |
| 3 | Орындаушы | мүше мемлекеттің уәкілетті органы |
| 4 | Орындалу шарттары | орындаушы тізілімге енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді қамтитын хабарлама немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтерді дайындау және ұсыну" (P.MM.09.OPR.021) операциясы) |
| 5 | Шектеулер | ұсынылатын өзгерістердің немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаның форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының Сипаттамасына сәйкес болуы тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы алынған мәліметтерді немесе өзгертілген мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны тексеруді Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындайды. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы алынған мәліметтерді қабылдайды |
| 7 | Нәтижелері | тізілімнен алынған өзгертілген мәліметтерді немесе өзгерістердің жоқтығы туралы хабарламаны мүше мемлекеттің уәкілетті органы алды |

IX. Штаттан тыс жағдайларда әрекет ету тәртібі

70. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде айрықша жағдайлар болуы мүмкін, бұл ретте деректерді өңдеу әдеттегі режимде жүргізілмейді. Бұл техникалық іркілістер,

құрылымдық және форматтық-логикалық бақылаудағы қателер туындаған кезде және өзге де жағдайларда орын алуы мүмкін.

71. Құрылымдық және логикалық бақылау қателері туындаған жағдайда мүше мемлекеттің уәкілетті органы қате туралы хабарлама алынған хабарды Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес электрондық құжаттар мен мәліметтерді толтыруға қойылатын талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады. Мәліметтердің көрсетілген құжаттардың талаптарына сәйкес еместігі анықталған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы белгіленген тәртіпке сәйкес анықталған қателерді жою үшін қажетті шараларды қабылдайды.

72. Штаттан тыс жағдайларды шешу мақсатында осы Қағидаларда көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары жалпы процесті іске асыру кезінде техникалық қолдауды қамтамасыз етуге жауапты адамдар туралы басқа уәкілетті органдарға және Комиссияға хабарлайды.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 25 қазандағы
№ 127 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл РЕГЛАМЕНТІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Регламент Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге **сәйкес әзірленді:**

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі дәрілік заттар айналымының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімді іске асыру туралы" 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 108 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен транспекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу аясы

2. Осы Регламент "Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылардың жалпы процесс транзакцияларын орындаудың тәртібі мен шарттарын біркелкі қолдануын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

3. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруға тікелей бағытталған жалпы процесс операцияларын орындау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

4. Осы Регламентті жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібіне бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процесі іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе құрауыштарын жобалаған, әзірлеген және пысықтаған кезде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

5. Осы Регламенттің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"аутенттеу" – қол жеткізу субъектісіне берілген сәйкестендіргіштің оған тиесілігін тексеру, шынайылығын растау;

"электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемесі" – электрондық құжаттың (мәліметтердің) белгілі бір контексте ажырамайтын болып есептелетін деректерінің бірлігі;

"жалпы процесс субъектісінің жай-күйі" – ақпараттық объектіні оның өмірлік циклының белгілі бір сатысында сипаттайтын, жалпы процесс операциясын орындау кезінде өзгертін қасиет.

6. Осы Регламентте "бастамашы", "бастама операция", "қабылдайтын операция", "респондент", "жалпы процесс хабарламасы" және "жалпы процесс транзакциясы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағыналарында пайдаланылады.

Осы Регламентте пайдаланылатын өзге ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 125 шешімімен бекітілген "Дәрілік заттардың анықталған жағымсыз әсері (әрекеті) жөніндегі деректердің дәрілік заттардың тиімсіздігі туралы хабарламаны қамтитын бірыңғай ақпараттық базасын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мағыналарында қолданылады.

IV. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы негізгі мәліметтер

1. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар

1-кесте

Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі

| Рөлдің атауы | Рөлдің сипаттамасы | Рөлді орындайтын қатысушы |
|------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| Деректердің иесі | фармацевтикалық инспекторлар тізбесін жаңарту үшін Еуразиялық экономикалық комиссияға фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтер ұсынады, Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы сауал жібереді және тізбенің мәліметін алады | мүше мемлекеттің уәкілетті органы (P.MM.09.ACT.001) |
| Үйлестіруші | өзгерістерді алады және тізбені жаңартады. Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы және Одақтың ақпараттық порталында сұрау салулар бойынша тізбенің мәліметтерін ұсынады | Еуразиялық экономикалық комиссия (P.ACT.001) |

2. Ақпараттық өзара іс-қимыл құрылымы

7. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасында (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттің уәкілетті органы, Комиссия) жалпы процесс рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады:

тізбені қалыптастыру және жүргізу кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл;

тізбеден мәліметтер алған кездегі ақпараттық өзара іс-қимыл.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс қимыл құрылымы 1-суретте берілген.



1-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл құрылымы

8. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс қимыл жалпы процесс шеңберінде іске асырылады. Жалпы процесс құрылымы Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында айқындалған.

9. Ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс транзакциясын орындау тәртібін айқындайды, олардың әрқайсысы жалпы процеске қатысушылар арасындағы жалпы процесс ақпараттық объектілерінің жай-күйін үйлестіру мақсатында ақпарат алмасуды білдіреді. Әрбір ақпараттық өзара іс-қимыл үшін операциялар мен осындай операцияларға сәйкес жалпы процесс транзакциялары арасындағы өзара байланыс айқындалған.

10. Жалпы процесс транзакциясын орындаған кезде бастамашы өзі жүзеге асыратын операция шеңберінде (бастамашы операция) респондентке хабарлама-сауал жібереді, оған жауап ретінде респондент өзі жүзеге асыратын операция шеңберінде (қабылдаушы операция) жалпы процесс транзакциясының шаблонына байланысты хабарлама-жауапты жіберуі де немесе жібермеуі де мүмкін. Хабарлама құрамындағы деректер құрылымы **Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25**


қазандағы № 127 шешімімен (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес болуы тиіс.

11. Жалпы процесс транзакциясы осы Регламентте айқындалғандай жалпы процесс транзакциясының берілген параметрлеріне сәйкес орындалады.

V. Рәсімдер топтары шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

1. Тізбені қалыптастырған және жүргізген кездегі ақпараттық өзара іс-қимыл

12. Тізбені қалыптастырған кезде жалпы процесс транзакциясын орындау схемасы 2-суретте берілген. Жалпы процестің әрбір рәсімі үшін 2-кестеде операциялардың, жалпы процесс ақпараттық объектілерінің аралық және нәтижелік жай-күйлері мен жалпы процесс транзакциялары арасындағы байланыс келтірілген.



2-сурет. Тізбені қалыптастырған және жүргізген кездегі жалпы процесс транзакциясын орындау схемасы

2-кесте


